

Шектеу іс-шараларын белгілеу туралы

Күші жойған

Түркістан облысы Келес ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 12 шілдедегі № 13 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 14 шілдеде № 23526 болып тіркелді. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 2021 жылғы 28 қыркүйектегі № 20 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Түркістан облысы Келес ауданы Бірлік ауылдық округі әкімінің 28.09.2021 № 20 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 35-бабының 2-тармағына , "Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 10-1-бабының 7) тармақшасына сәйкес және Келес ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2021 жылғы 14 маусымдағы № 08-02-03/166 ұсынысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Келес ауданы Бірлік ауылдық округінің (кадастрлық нөмірі № 19-326-087-119) жер учаскесінде орналасқан У.Сергалиевтің мал шаруашылығы кешенінің аумағында бір бас уақ малдан бруцеллез ауруының анықталуына байланысты шектеу іс-шаралары белгіленсін.

2. "Келес ауданы Бірлік ауылдық округ әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімнің Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде тіркелуін қамтамасыз етсін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімнің Келес ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Бірлік ауылдық округінің әкімі

О. Аристанбеков